| **2015 ж.** | Қазақша КВН ойындарының дарынды жастарына демеу болғаны үшін «Қазақстан КВН Одағы» президенті Есен Елеукеннің Алғыс хаты |
| **2016 ж.** | «Нұр Отан» партиясының сайлау науқанына белсене қатысқаны үшін Алғыс хат |
| **2017 ж.** | Театр əкімшілігі жастардың театрға келуін ұйымдастырып, көпжылдық əріптестік байланыс орнатқаны үшін Алғыс хат |
| **2019 ж.** | Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаты |
| **2020 г.** | Обладательница Республиканской премии «Народный любимец», победитель в номинации «Лучший учитель года» |
| **2024 ж.** | Батыс Қазақстан облысы əкемінің орынбарының Алғыс хаты |

## БИБЛИОГРАФИЯ ТРУДОВ КАНДИДАТА ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НАУК, ДОЦЕНТА ДАРИШЕВОЙ ТУЙМЕШ МАЛБАГАРОВНЫ

## ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ДОЦЕНТ ТҮЙМЕШ МАЛБАҒАРҚЫЗЫ ДӘРІШЕВАНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БИБЛИОГРАФИЯСЫ

### 1994

1. Преемственность обучения русскому языку в 5-9 классах казахской школы (на материале сложного предложения): автореферат дисс. кандидата педагогических наук: 13.00.02. - Алматы, 1994. - 28 с.: ил.

### 2002

2. Практический курс русского языка. Ч.1. Корректировочный курс / К. Т. Утегенова, Р. Х. Латыпова, Р. А. Абузяров, Т. М. Даришева и др. - Уральск: РИО ЗКГУ, 2002. - 186 с.

### 2003

3. Принцип приемственности в обучении синтаксису сложного предложения теория и практика: 5-9 классы. / Т. М. Даришева. - Уральск: ЗКГУ, 2003. - 54 с.

### 2008

4. Өзін-өзі басқару жүйесінің теориялық және әдіснамалық негіздері: оқу-әдістемелік құрал / Т. З. Рысбеков, Т. М. Даришева, Г. А. Ергалиева. - Орал: М.Өтемісов ат. БҚМУ РБО, 2008. - 60 б.

### 2009

5. Принцип преемственности в обучении синтаксису сложного предложения: теория и практика обучения 5-9 классы: книга

для учителя / Т. М. Даришева. - Уральск: ЗКГУ им. М. Утемисова РИО, 2009. - 80 с.

**2011**

6. Молодежная политика вуза: системный подход / Т. М. Даришева. - Уральск: ИЦ и СМИ ЗКГУ, 2011. - 105 с.

**2012**

7. Молодежная политика вуза: системный подход: учебное пособие для организаторов воспитательной работы / Т. М. Даришева. - Уральск: РИЦ ЗКГУ им.М. Утемисова, 2012. - 105 с. - (Научные труды ученых ЗКГУ им. М. Утемисова. Педагогика).

**2013**

8. М. Өтемісов атындағы БҚМУ білім алушыларына рухани-адамгершілік тәрбие беруге арналған ақпараттық-әдістемелік құрал / Т. М. Даришева, М. И. Исатаев. - Орал: БҚМУ, 2013. - 106 б.

**2019**

9. Реализация внутрикорпоративной деятельности в работе со студенческой молодежью в Западно - Казахстанском государственном университете им. М. Утемисова: сборник материалов / сост.: Т. М. Даришева, С. Г. Турегалиева. - Уральск: РИЦ ЗКГУ им. М. Утемисова, 2019. - 50 с.

# ДОКЛАДЫ, НАУЧНЫЕ СООБЩЕНИЯ КАНДИДАТА ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НАУК, ДОЦЕНТА ДАРИШЕВОЙ ТУЙМЕШ МАЛБАГАРОВНЫ НА МЕЖДУНАРОДНЫХ, РЕСПУБЛИКАНСКИХ КОНФЕРЕНЦИЯХ

# ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ДОЦЕНТ ТҮЙМЕШ МАЛБАҒАРҚЫЗЫ ДӘРІШЕВАНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯЛАРДА ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМАЛАРЫ, ҒЫЛЫМИ ХАБАРЛАРЫ

## 1997

1. Тексты по специальности как средство обучения русской речи / Т. М. Даришева. // Жас ғалымдар мен аспиранттардың ғылыми мақалалар жинағы.
«Жастар және ғылым». 1-жинақ. - А. С. Пушкин атындаұы БҚГУ. - Орал, 1997. – Б. 50-52.

## 2004

2. Воспитание казахстанского патриотизма студентов факультета математики и информатики на занятиях по практикуму решения задач по физике / Т. М. Даришева, Г. К. Жусупкалиева, А. С. Турегалиева. // Материалы сборника 65-й научно - практической конференции профессорско - преподавательского состава ЗКГУ им. М. Утемисова, посвященная Дню Независимости Республики Казахстан. – Уральск, 2004. - Ч. I. - С. 194-197.

## 2007

3. Тұғырлы тұлға тәрбиесі - бүгінгі адамзаттың алдындағы негізгі мәселе / Т. М. Даришева. - Текст: непосредственный // «Нашақорлық пен құқықбұзушылықтың алдын - алу

мәселесі бойынша мемлекеттік жастар саясатының жүзеге асырылу жолдары»: атты республикалық ғылыми - практикалық конференцияның материалдары. - 2007. - Б. 4-13.

**2010**

4. К вопросу значимости патриотического воспитания молодежи / Т. М. Даришева. - Текст: непосредственный // «Жоғары оқу орындарында студенттік өзін - өзі басқару ұйымын құрудың тиімділігі: тәжірибесі, проблемалары және перспективалары»: республикалық ғылыми - тәжірибелік конференцияның материалдары. - 2010. - 8 желтоқсан. - С. 6-11.

**2018**

5. Жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелеудің маңызы / Т.М. Даришева // «Рухани жаңғыру» тұжарамдамасы аясында «Қазіргі жастардың келбеті: перспективасы мен инновациялық тұрғысы»: атты республикалық ғылыми - тәжірибелік конференциясының материалдары. - 27 сәуір. - Орал, 2018. - Б. 8-11.

**2024**

6. Специфика вербализации концепта «коричневый» в русской и казахской лингвоцветовой картине мира / Т.М. Даришева, К.Т. Утегенова // Сборник материалов международной научно-практической конференции «Национальные языки и межъязыковые процессы в современном мире». – Казань, 2024. – 9-10 октября. – С. 416-421.

# ХРОНОЛОГИЧЕСКИЙ УКАЗАТЕЛЬ ТРУДОВ КАНДИДАТА ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НАУК, ДОЦЕНТА ДАРИШЕВОЙ ТУЙМЕШ МАЛБАГАРОВНЫ

# ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ДОЦЕНТ ТҮЙМЕШ МАЛБАҒАРҚЫЗЫ ДӘРІШЕВАНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

## 2004

1. Вопросы нестандартного подхода к проектированию учебного процесса в вузе / Т. М. Даришева. // Начальная школа Казахстана. - 2004. - № 4. - С. 4-8.

2. Молодежная политика библиотеки: отдельные напраления / Т. М. Даришева, И. М. Коленко - Текст: непосредственный // Вестник ЗКГУ им. М. Утемисова. - 2004. - № 1. - С. 218.

3. Чтение как творческий процесс / Т. М. Даришева, И. М. Коленко. // Вестник ЗКГУ. - 2004. - № 4. – С. 96.

## 2006

4. Культура чтения как социально - педагогическая проблема / Т. М. Даришева, И. М. Коленко. - Текст: непосредственный // Вестник ЗКГУ. - 2006. - № 1. – С. 195.

5. Патриотами не рождаются, ими становятся / Т. М. Даришева. // Приуралье. - 2006. – 2 ноября. – С. 5.

## 2007

6. Педагогическое мастерство библиотекаря / Т. М. Даришева, И. М. Коленко. -Текст: непосредственный // Вестник ЗКГУ. - 2007. - № 1. - С. 293.

## 2008

7. К проблеме акмеологии чтения / Т. М. Даришева, И. М. Коленко. -Текст: непосредственный // Вестник Евразийского Национального университета им. Л. Н. Гумилева. – 2008. - № 1. – С. 8-14.

## 2010

8. Экологическое просвещение студентов как направление молодежной политики вуза / Т. М. Даришева. // Вестник ЗКГУ. - 2010. - № 2. - С. 3-9.

## 2011

9. Жоғары оқу орында студент - жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелеудің маңызы / Т. М. Даришева. // БҚМУ Хабаршы. - 2011. - № 1. - Б. 68- 74.

## 2012

10. Становление лидеров / Т. М. Даришева. // Вестник ЗКГУ. - 2012. - № 3. - С. 119- 121.

11. Формирование культуры речи как компонент системы нравственного воспитания студентов / Т. М. Даришева. // Вестник ЗКГУ. - 2012. - № 2. - С. 71-81.

## 2013

12. Всегда в строю / Т. М. Даришева. - Текст: непосредственный // Казахстанская правда. - 2013. - № 119-120. - 5 апреля. - С. 24.

13. Духовно - нравственное воспитание обучаемых в современном вузе / Т. М. Даришева. // Вестник ЗКГУ. - 2013. - № 1. - С. 17-22.

**2014**

14. Отансүйгіштік пен ұлтжандылық халық рухының шыңы / Т. М. Даришева. // БҚМУ хабаршысы. - 2014. - № 3. - Б. 53-56.

**2015**

15. Нравственное воспитание в процессе формирования будущих специалистов / Т. М. Даришева. // Вестник ЗКГУ. - 2015. - № 4. - С. 47-53.

**2018**

16. Золотая Уральская осень или записи из рабочего дневника / Т. М. Даришева. // Высшая школа Казахстана. – 2018. - № 4. – С. 72-75.

17. Политика университета в процессе формирования духовных ценностей у молодежи / Т. М. Даришева. // Актуальные научные исследования в современном мире. – 2018. – № 2-9(34). – С. 59-63.

**2024**

18. Implementing Multilingual Education in Kazakhstan: Students' Perceptions and Attitudes Towards the Status of English / G.K. Khassanov, K.T. Utegenova, T.M. Darisheva, A.G. Bozbayeva, G. Akhmetova, D.S. Sarkulova, A. Utegenova // Theory and Practice in Language Studies. – 2024. - Vol. 14, No. 8. - P. 2316-2325.

# ЛИТЕРАТУРА О ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАНДИДАТА ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НАУК, ДОЦЕНТА ДАРИШЕВОЙ ТУЙМЕШ МАЛБАГАРОВНЫ

# ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ДОЦЕНТ ТҮЙМЕШ МАЛБАҒАРҚЫЗЫ ДӘРІШЕВАНЫҢ ІС - ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ӘДЕБИЕТТЕР

## 2011

1. Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Түймеш Малбағарқызы Дәрішева // БҚМУ хабаршысы. - 2011. - № 3. - Б. 195.

2. Темірдей тәртіптің Түймеші / С. Шарабасов // Орал өңірі. - 2011. - 27 қыркүйек. – Б. 6.

3. Утегенова, К. В чем секрет успешности Туймеш Даришевой? / К. Утегенова // Өркен. – 2011. – қыркүйек. - № 11. – С. 4.

## 2016

4. Жақсығалиев, Ж. Тәрбие ісінің тарланы / Ж. Жақсығалиев // Өркен. – 2016. – 30 қыркүйек. - № 8. – Б. 10.

5. Мерейлі жасыңыз құтты болсын // Өркен. - 2016. - 30 қыркүйек. - № 8. - Б. 7.

## 2020

6. Дандыкулова, А. Достойная награда / А. Дандыкулова. // Приуралье. - 2020. - № 6. - 24 января. - С. 13.

7. Дандықұлова, А. Мерейі асқақ ұстаз / А. Дандықұлова. // Oral oniri. - 2020. - № 6. - 24 қаңтар. - Б. 9.

8. Проректор ЗКГУ имени М. Утемисова - обладательница Республиканской премии «Народный любимец» // zhaikpress.kz. – 2020. - 21 января.

**2021**

9. Сұлтанғалиева, Р. Әр ісінде тәртіп бар, әр сөзінде тәрбие мен тәлім бар, тағылым бар / Р. Сұлтанғалиева // zhaikpress.kz. – 2021. – 27 қыркүйек.

# МЕРЕЙЛІ ЖАСЫҢЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!




Түймеш Малбағарқызы, Сізді мерейлі 55 жасыңызбен физика-математика факультеті ұжымы атынан шын жүректен құттықтаймыз. Сіз ерік-жігер мен еңбексүйгіштік, табандылық пен мақсаткерлік қасиеттерді бойыңызға сіңірген ұлағатты ұстаз, сүйікті жар, асыл қыз, қымбатты бауырсыз. Сіз өнегелі еңбегіңізбен, үміт отын ұялатып, киелі білім ордасынан талай түлектерді білім нәрімен сусындатып, шебер педагогикалық қабілетіңізбен қаруландырып қанат қақтырдыңыз!

Ұжымда адал еңбеккер, ортасына сыйлы әріптес, отбасында асыл жар бола білген өзіңіздей абзал жанға осындай қуанышты күні тындырымды ісіңізбен және қарапайым да парасатты мінезіңізбен үлкен абырой-беделге ие болған ұжымымыздың тәжірибелі, үздік маманысыз.Сіз, ұстаздық жолмен бірге студенттер қауымының сырлы тағдырына басшылық етуді толықтай мойнына алған маман иесісіз.

Сіз бәсеке жағдайында өмір сүруге қабілетті, интеллектуалды жеке тұлға қалыптастыру жолында аянбай еңбек етіп келесіз. Соның нәтижесінде сан мыңдаған шәкірттің жүрегіне ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын деп тілейміз. Шаңырағыңызға шаттық ұялап, босағаңыздан қызық-қуаныш арылмасын!

Алдағы уақытта ойлаған істеріңіздің ілгері басып, білім көгінде әрдайым таудай талабыңызға талмас қанат бітіп, биік белестерді бағындыра беруіңізге тілектеспіз!

*Физика-математика факультеті ұжымы*

*Өркен. – 2016. - 30 қыркүйек. - №8. – Б.7.*

# ТӘРБИЕ ІСІНІҢ ТАРЛАНЫ



Әдетте «тарлан» сөзі даралықты, асылдықты, тектілікті білдіретін ұғым ретінде еркек кіндіктіге, оның ішінде де ұлтқа һәм қоғамға еңбегі сіңген «есіл ерлерге» дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан теңеу ретінде қолданылып жатады. Сондықтан, мақаланы нақ осылай айдарлауымыз кездейсоқ емес. Өйткені бүгінгі кейіпкеріміз жаратылысы нәзік жанды болғанымен «еркекке бергісіз» ер мінезді жандардың сапындағы тек өзіне ғана тән өмірлік дара жолы бар нағыз саңлақтың өзі.

Бүгінде атағы алысқа жеткен М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да үзіліссіз жиырма жылға жуық тәрбие ісінің проректоры қызметін атқарып келе жатқан Дәрішева Түймеш Малбағарқызы - Батыс Қазақстан облысының оқу-ағарту және рухани өмірінде айшықты қолтаңбасы бар, есімі өңірге танымал қайраткер қыздарымыздың бірі.

Осы ретте Ұлы бабамыз Әл Ф арабидің «Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы» деген ұлағатты сөзін тағы бір мәрте еске түсіргеннің артықтығы жоқ. Олай дейтін себебіміз жоғарғы оқу орнындағы оқу және тәрбие үдерісі - бір-бірінен бөліп-жарып алуы әсте қиын, құстың қос қанаты тәрізді біртұтас егіз дүние.

Түсінген жанға Университет - етек-жеңін жинап алу өте қиын алып құрылым, оның күнделікті өмірі қашан да дамылсыз, бұрқ-сарқ қайнап жатқан тайқазан сықылды және құмдай сырғый көшіп, судай сылдырай аққан уақыт бір орнында тұрмайды, өмір күн санап өзгеруде... Сәт сайын жаңарып, жаңғырып жатқан замана көшіне ілесе жүру, университетте үзіліссіз өтіп жататын жүздеген, тіпті мыңдаған маңызды тәрбиелік шараларды бір-біріне мүлде ұқсамайтын заманауи бейнеде жарқыратып ұйымдастыру, сөз жоқ,

«бастәлімгер» тарапынан жаңашылдықты, жанкештілікті, ізденісті, күшті ерік-жігерді қажет етеді.

Менің университеттегі «бас тәрбиеші» апамызбен жақын танысып, етене болуым ЖОО-дағы оқытушылық қызметімнің алғашқы жылдарына сәйкес келеді. Сол кезде университет деңгейінде ұйымдастырылып, өткізілетін қандай да бір ресми мерекелік ш аралар алды нда зал толы көрерменге «Республика» немесе «Тәуелсіздік күнінің» тарихи мәнін ашу бағытында үнемі тарихшыларға баяндама жасау жүктелетін.

Мамандығымызға сәйкес сондай сал танатты жиындардың басы -қасында жүріп байқағаным ол кісінің сыртқы бейнесі тартымды, жүріс-тұрысы ширақ, қолға алған шаруасына бар ынта-шынтасымен білек сыбана кірісетін жігерлі, өз ісінің кәсіби шебері, тура жолмен жүретін адал да алғыр, табанды және жұмыс бабында жұрттың көп көңіліне қарай бермейтін, тиген жерін тіліп түсетін өткір тілді жан екендігі «соқырға таяқ ұстатқандай» көрініп тұратын.

Иә, әрбір кезекті баяндамамызға кәдімгі кәсіби тарихшыдай жоғары деңгейде талап қойып, балапанымыздан бауырына тартып баулығаны өз алдына, мұның сыртында, бейнелі тілмен айтсақ «қадалған жерінен қан алатын» мінезді және «табанының бүрі қалың» екені табиғатынан аңғарылып тұратын.

Бұған тек өзіне ғана жарасатын өте әдемі қойылған дауыс дикциясы мен интонациясы, екі тілде бірдей еркін көсілетін сөйлеу шеберлігі мен жалпақ жұртты өзінің жан-дүниесімен бірте-бірте баурап, елітіп отыратын, аламан бәйгеде суырылып алға шыққан хас тұлпардың дүбіріндей аудиторияны жігерлендіріп жіберетін шешендік қасиетін қосыңыз.

Осындай сан қырлы жеке қасиеттері мен өмірлік ұстанымдары бір арнада тоғысып, оның тұлға ретінде тек өзіне тән ерекшелігі мен даралығы, көсем дігі мен шешендігі, сайып келгенде Түймеш Малбағарқызының көшбасшылық бірегейлігін қалыптастырды.

Болон декларациясы бойынша енгізілген оқытудың кредиттік технологиясына сәйкес М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да тәлім-тәрбие жұмысының жаңа бағыттарын дамытып, студенттердің өзін-өзі басқару тетігін алғаш іске

қосқан басшы ретінде, өзіне тән шапшаңдықпен дер кезінде жалынды жастардан тұратын «команда» жасақтап үлгерді.

Қай уақытта да өзін айналасына ерекше сыйлата білетін, айтқан сөзін қоршаған қауымға мұқият тыңдата білетін харизматикалық қасиетке ие жан оларды жаңа заман талабына сай икемдеп, университет жұмысына шабыттандыра «жегіп», ширата білді. Шәкірттері бұ кісіге қарап бойын түзеді, өнеге алды, қанаттары қатайды. Қазір олар еліміздің түпкір-түпкірінде, сан-салада, мемлекеттік - әкімшілік т.б. қызметтерде адал еңбек етіп жүрген майталман мамандар, өз ісінің шеберлері.

Сөзімізді тобықтай түйіндесек, Түймеш Малбағарқызының білім беру саласындағы төккен тері мен еселеп еткен еңбегін қоғам бағалады. Халық - қадірін білді. М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың тәрбие ісі жөніндегі проректоры, ұлағатты ұстаз, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Ы.Алтынсарин атындағы медальдың иегері, ҚР білім саласының құрметті қызметкері - бұндай өмір жолына ғұмырын тек адал еңбекке арнаған жарасты жандар ғана жете алса керек.

Тәжірибелі ұйымдастырушы ретінде аянбай еңбек етіп келе жатқан «тәрбие ісінің тарланы» һәм аяулы апамыздың 55 жасқа толып отырған күні оған ұзақ ғұмыр, алда да талабына дәт, ісіне сәт тілегеніміз ләзім деп білемін.

Ақтөбе топырағының тумасы, Жәнібек өңірінің келіні атанған Түймеш апамыздың қолы ашық, дастарқаны қашанда мол, сәйкесінше Қалиолла жездеміз ақ жарқын, жан сарайы кіршіксіз таза, қай жағынан да «кең пішілген» қазақтың атпал азаматы. Олардың дендеріне саулық, отбасылық өміріне бақыт, бала-шағасының қызығына кенеліп, шығармашылық еңбекте толағай табыстарға жетуіне тілектеспіз!

***Жаңабек Жақсығалиев****, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты*

*Өркен. – 2016. – 30 қыркүйек. - №8. – Б.10.*

# ПРОРЕКТОР ЗКГУ ИМЕНИ М. УТЕМИСОВА - ОБЛАДАТЕЛЬНИЦА РЕСПУБЛИКАНСКОЙ ПРЕМИИ «НАРОДНЫЙ ЛЮБИМЕЦ»




Торжественная церемония вручения премии «Народный любимец года» прошла в городе Нур-Султан. Премия присуждается за популярность и компетентность людям и организациям, которые были на виду у казахстанского сообщества в течение всего года.

Заместитель Премьер-Министра РК Бердибек Сапарбаев специально принял участие в церемонии, чтобы поздравить победителей национальной премии. «Я думаю, что каждый человек мечтает служить своему народу. Стать любимцем народа не каждому дано, потому что оценку дает простой народ. Этот конкурс проводится девятый раз. В течение этого времени мы увидели, какие казахстанцы стали победителями конкурса. Я хотел бы от имени Правительства поблагодарить организаторов и всех спонсоров, меценатов», - сказал Бердибек Сапарбаев, обращаясь к победителям и гостям конкурса.

Победителем в номинации «Лучший учитель года» стала Туймеш Даришева, проректор по воспитательной работе и социальным вопросам Западно-Казахстанского государственного университета имени М. Утемисова. От имени многотысячного коллектива студентов, выпускников и профессорско-преподавательского состава Туймеш Малбагаровну с высокой наградой и народным признанием ее заслуг поздравил ректор университета Нурлан Сергалиев.

«Огромное вам спасибо за поздравления и за поддержку. У каждого из вас есть шанс стать обладателем звания «Народный любимец». Я горжусь, что благодаря этой награде имя нашего Западно-Казахстанского университета им. М.Утемисова звучало на всю страну, это большая честь для меня» - поделилась Туймеш Даришева.

*zhaikpress.kz*
*21.01.2020*
*https://zhaikpress.kz/ru/news/prorektor-zkgu-imeni-m-utemisova-obladatelnica-respublikanskoj-premii-narodnyj-lyubimec/?utm_source=ainews&utm_medium=referral*

# ӘР ІСІНДЕ ТӘРТІП БАР, ӘР СӨЗІНДЕ ТӘРБИЕ МЕН ТӘЛІМ БАР, ТАҒЫЛЫМ БАР

«Уақыттан асқан билік жоқ, уақыттан асқан жүйрік жоқ». 2009 жылдың шілде айында кандидаттық диссертациямды қорғап, Алматыдан Оралға келген кезім. Алғашқы оқу жылым М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлкеттік университетінде басталды. Абай атындағы университетте білім алып, әл-Фараби атындағы университеттен қорғап, М.Өтемісов атындағы университеттегі алғашқы жыл. Жастық кезеңнің жалыны өзгеше болады ғой. Жұмысқа бірден кірістік. Кафедрадан шығып, сабақпен шектелмей, университет деңгейінен де жоғары істер жасауға құлшыныс мол кез. Сол күндердің бірінде кафедра меңгерушісі тәрбие жұмыстары жөніндегі проректордың шақырғанын айтты. Ол кісі –Дәрішева Түймеш Малбағарқызы.



Бұрын сырттай таныс болсам да, жақын сөйлесіп көрмеген жан. 10-сыныпта оқығанда облыстық олимпиаданың салтанатты жабылуы осы университеттің акт залында өткен. Марапаттау рәсімінде гуманитарлық пәндер бойынша жеңімпаздарға диплом табысталғанда, маған да Түймеш Малбағарқызы табыстаған екен. Сол сәттен қысқаша диалог:

- Біздің университетке оқуға келесіз бе?
- Жоқ.
- Қайда барасыз оқуға?

- Алматыға.

- Онда келіп қызмет атқарасыз. Бұл – біздің Альма-матеріміз!

- Білмеймін...».

2000 жыл болу керек. Араға тоғыз жыл салып, алғашқы еңбек жолымды осы университеттен бастайтынымды бұл кезде шынымен білмеген болармын.

Биыл он екінші жыл екен. Осы жылдар аралығында проректор Түймеш Малбағарқызын толықтай тани алдық деуге болар. Университеттегі ең алғашқы кездесу 2000 жылғы сахнадағыдай кездесу болмағаны есімде. Апайдың жай сөйлегені ұрсып сөйлегендей әсерде болып, таң қалып шыққам. Алғашқы тапсырма да жай болмады. Акт залының қасына ілінетін Ұлы жеңіске 65 жыл толуына орай стенд жасау тапсырылды. Сұрақ қойылса, не үшін олай жасалғандығын дәлелдеп кететін әдетіміз де бар. Сонда ойлағаным әлі есімде, «бұл кісі рақмет айтпайды, күшті етіп жасасаң да, ұрса береді екен деп...». Балалық ой болар. Қазір қарап отырсам, бұл кісінің жақсы көрген адамына ұрысқаны да бөлек болған екен. Айқайы да махаббатпен екен. Он жылдан астам уақыт аралығында сан қырынан танылған талантты жанды біз де тек жақсы жағынан тани алдық.



Әр жетістігіңе балаша қуанады және қуаныштан жар салады. Әр отырыста мақтанышпен айтып отырады. Кездесулерде сені таныстыруы ол енді бөлек әңгіме. Осы

кездерде «үлкенге құрмет, кішіге ізет» көрсетудің ілтипаты сезілетін, анық сездіртеді.

2011 жылы алғаш рет университетімізде баспасөз қызметі ашылғаннан бері жұмыс ретімен өте тығыз қарым-қатынастамыз. Тапсырма көп күніне... Әр тапсырманы зор жауапкершілікпен, тез арада, жоғары деңгейде орындап тастайтын перфекционизм қасиеті бізді одан сайын жақындата түскендейболды. Жұмыс арасында қанша қарбалас боп жатса да, бір сәт тауып, жағдайыңды біліп тұратын, күліп тұрсаң да, көңілсіздікті көзіңнен байқайды. Жұмыстағы екінші анамыздай қамқорлығы сезіледі.

Үлкен деңгейде байқауларға қатысуға дайындалып жатқаныңды естісе, жеңімпаз болуға сенім білдіретін де осы жан. Жас буынға әркез қолдау білдіреді. Бұл кісінің нағыз шекпенінен шыққан шәкірттер өте көп, мен олардың қатарынан емеспін. Алдынан дәріс алып, қасында жүрмесем де, әріптес ретінде бұл кісіден алған да, алар сабақ та көп.

Апайдың мерейлі жасында Шарабасов Серікқали ағамыз «Орал өңірі» газетінде «Темірдей тәртіптің Түймеші» деген мақаласы шыққан. Дәл анықтама бергендей. Апайдың «Түймеш» атымен бірге темірдей тәртіп бар, талап бар, талантқа құрмет бар, тәрбие бар, тәлім бар, тағылым бар. Ұзақ жылдар проректорлық басшылық қызметте бір орында отыруының өзі Түймеш Малбағарқызының бойындағы басшыға лайық барлық абзал қасиеттердің табылуынан деп айтуға толық негіз бар. Іскер басшы, ұлағатты ұстаз, шебер ұйымдастырушы, дайындықсыз модератор деп кете беретін біліктілік қасиеттерінің тізімін тоқтаусыз айта беруге болады. Адами болмысы мен келбетін танытатын адамдық қасиеті, адамгершілігі бәрінен де бағалы мен үшін.

Адам асқақ арманға, биік мақсатқа ие. Әрбірінің өз бағыты, арман қылғанбағындырар биігі болады. Биік шың адамға оңайлықпен беріспесі анық.

Л.Фейербахтың «Адам тек өз күшіне сенген жағдайда ғана дегенінен жете алады» деген қасиетті сөзі өз мақсатына жету үшін жол тартқан Түймеш Малбағарқызының үнемі көкейінде жүргені айқын.

Жастық кезеңде кездесетін сан қиындықтарға мойымай, қиналғанда қуаткер, оңашада ой-ерік, жалғыздықта жолдас,

бақытқа бастар ақылшы, торыққанда таяныш, адамдар арасында айбар, жауға қарсы жебе болатын – білім мен ғылымды қуалады, тәрбие жолында абыройлы еңбек етті, әлі де еңбек етуде.

Жылдар өте ізденістің, қабілет-қарымның арқасында шеберлігі дамып, бүкіл ғұмырының рухани азығына, қызығы мен шыжығына айналған білім беру саласында қызмет атқарып келеді. Білім майданының қатардағы жауынгері тек үнемі оқу, іздену, талпыну, тану, өмір мектебінен өту арқылы ғана оның ірі қайраткері дәрежесіне дейін көтерілетіні анық. Еліміздің білім беру ісіне, ағарту саласына, жастарды тәрбиелеуде сүбелі үлес қосып келе жатқан Түймеш Малбағарқызын еңбектің зейнет жасына жеткізген бұл мерейлі жылдар – үздіксіз оқу мен ізденудің, елеулі еңбек пен қажырлы қайраттың, жемісті жетістік пен жеңісті сәттердің, шаңырақ шаттығының мерейлі де мерекелі жылдары!

***Рита Сұлтанғалиева*,**
*М.Өтемісов атындағы БҚУ*
*қауымдастырылған профессоры*
*https://zhaikpress.kz/kk/news/ar-isinde-tartip-bar-ar-sozinde-tarbie-men-talim-bar-tagylym-bar/*

## Круглый стол, посвященный Дню Государственных символов РК
## 2019 год



## Республиканский дебатный турнир



# Награждение победителей Республиканского дебатного турнира




## 23-25 ноября 2018 года



**Круглый стол, посвященный новой статье главы государства Н.А. Назарбаева «Семь граней Великой степи» 2018 год**



**Международная научно-практическая конференция «Партнерство библиотек вузов: новые формы сотрудничества» 2019 год**



# МАЗМҰНЫ

# СОДЕРЖАНИЕ

В чем секрет успешности Туймеш Даришевой?............................ 4

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Түймеш Малбағарқызы Дәрішева. ............................................................ 10

Темірдей тәртіптің Түймеші ....................................................... 12

Основные даты жизни научно-педагогической и творческой деятельности Туймеш Малбагаровны Даришевой ...................... 18
Түймеш Малбағарқызы Дәрішеваның өмірі мен ғылыми-педагогикалық қызметінің негізгі белестері................................ 18

Курсы переподготовки и повышения квалификации кандидата педагогических наук, доцента Даришевой Туймеш Малбагаровны .......................................................................... 21
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Түймеш Малбағарқызы Дәрішеваның қайта даярлау және біліктілігін арттыру курсы ......................................................................... 21

Награды кандидата педагогических наук, доцента Даришевой Туймеш Малбагаровны. ............................................ 26
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Түймеш Малбағарқызы Дәрішеваның марапаттары .................... 26

Библиография трудов кандидата педагогических наук, доцента Даришевой Туймеш Малбагаровны. ............................................ 28
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Түймеш Малбағарқызы Дәрішеваның еңбектерінің библиографиясы.......28

Доклады, научные сообщения и кандидата педагогических наук, доцента Даришевой Туймеш Малбагаровны на международных, республиканских конференциях ................................................... 30
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Түймеш Малбағарқызы Дәрішеваның халықаралық, республикалық

конференцияларда жасалған баяндамалары, ғылыми хабарлары..........................................................................................30

Хронологический указатель трудов кандидата педагогических наук, доцента Даришевой Туймеш Малбагаровны .......................32
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Түймеш Малбағарқызы Дәрішеваның еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші. ........................................................................................32

Литература о жизни и деятельности кандидата педагогических наук, доцента Даришевой Туймеш Малбагаровны .......................35
Педагогика ғылымының кандидаты, доцент Түймеш Малбағарқызы Дәрішеваның іс – қызметі туралы әдебиеттер..... 35

Мерейлі жасыңыз құтты болсын!................................................. 37

Тәрбие ісінің тарланы................................................................... 38

Проректор ЗКГУ имени М. Утемисова - обладательница республиканской премии «Народный любимец» ........................41

Әр ісінде тәртіп бар, әр сөзінде тәрбиемен тәлім бар, тағылым бар.......................................................................................... 43

**Басылымға жауапты:**

Т.Е. Алимбекерова - ғылыми кітапхананың  директоры

**Редактор:**

А.А Макулбаева - редакциялық баспа орталығының жетекшісі

**Құрастырған:**

Г.И. Джанбаева - Ақпараттық технология және библиография бөлімінің меңгерушісі

А.В. Наугольная - Ақпараттық технология және библиография бөлімінің библиографы

**Ответственный за выпуск:**

Т.Е. Алимбекерова - директор научной библиотеки

**Редактор:**

А.А. Макулбаева - руководитель редакционно-издательского центра

**Составители:**

Г.И. Джанбаева - зав.отделом информационных технологий и библиографии

А.В. Наугольная - библиограф отдела информационных технологий и библиографии